Балалармен жеке жұмыс	***Жанат Алихан*** **Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(көркем әдебиет)**	***Рустем Айлин*** **"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. **(математика негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**	***Арыстан Айлин*** **"Лото-жануарлар" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету. Зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	***Сатыбалды Айла*** **"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	***Құрманбек Фатима*** **Жаттамақ жаттығуы.** Мерекеге шығады, Бүкіл халық, біліп қой. Отандастар ұғады, Тәуелсіздік – ұлық той! **(сөйлеуді дамыту)**
Серуенге дайындық	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.				
Серуен	Құстарды бақылау. Мақсаты: -қыстайтын, алаңға келетін құстардың аттарын анықтау. -Олардың сыртқы бейнесін, қандай жемді жақсы көретінін, қалай тұрып,	Қыста аула сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсаты: -аула сыпырушының күз кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы	Жолдың жолаушылар жүретін бөлігін бақылау. Мақсаты: -Балаларды жолдың жолаушылар жүретін бөлігімен таныстыру; -Жол жүру ережесі	Қыс мезгіліндегі құстарды бақылау. Мақсаты: -қыстайтын, алаңға келетін құстардың аттарын анықтау. -Олардың сыртқы бейнесін,	Қарды бақылау. Мақсаты: -қардың жауып тұрғанын бақылау, -ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, -аязды күнде қар жеңіл

	қалай жүретіндерін анықтау. -Балаларды байқағыштыққа, құстарға жанашыр болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы: Көркем сөз: Мың торғай қамаса қораға, Бір торғай тұрмайды... Бір торғай тұрмайтын қораға Мың торғай тұрмайды. Еңбекке баулу: Құстарды тамақтандыру Мақсаты: -Қарапайым тапсырмаларды өз бетінше орындауға қалыптастыру; -Жануарларды бағуға деген ниетін арттыру; Қимылды ойындар: «Ұядағы құстар» Мақсаты: -Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету; -Тәрбиеші тапсырмасын бұлжытпай орындауға үйрету; Қажетті материалдар: құстарға арналған жем	балалардың түсінігін толықтыру. -Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Бақылау барысы: Тапсырма «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Көркем сөз Қолынамкиіп қолғапт, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. Еңбекке баулу: Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу. Мақсаты: -ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдау; -еңбекке баул Мақсаты: -Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету; **(Дене шынықтыру)** .	туралы естерінде сақтау; Бақылау барысы: Жолдың жолаушылар жүретін бөлігіне өту және жүріп жатқан көліктерді қарау. Балаларға балабақшаның жол бойында орналасқанын айтып, түсіндіру. Балабақшадан шыққанда өте абай болу керектігін түсіндіру. Еңбекке баулу: Құрғақ жапырақтарды бір жерге жинау. Мақсаты: -Балаларды тырмамен дұрыс жұмыс істеуге үйрету; -Шелектерді белгілі мөлшерге дейін толтыруға үйрету; Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобильдер» Мақсаты: -Жол ережелері туралы білімдерін бекіту; -Жолда жүру тәртібін есте сақтауға баулу; Қажетті материалдар: рөлдер, қалақша, шелек, машиналар.	қандай жемді жақсы көретінін, қалай тұрып, қалай жүретіндерін анықтау. -Балаларды байқағыштыққа, құстарға жанашыр болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы: Көркем сөз: Мың торғай қамаса қораға, Бір торғай тұрмайды... Бір торғай тұрмайтын қораға Мың торғай тұрмайды. Еңбекке баулу: Құстарды тамақтандыру Мақсаты: -Қарапайым тапсырмаларды өз бетінше орындауға қалыптастыру; -Жануарларды бағуға деген ниетін арттыру; Қимылды ойындар: «Ұядағы құстар» Мақсаты: -Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету; **(Дене шынықтыру)**	болады, олар ауада би билегендей, -жылырақ күнде қар ауырлау тартады,-қалықтап жерге түседі, -суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Бақылау барысы: Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. Көркем сөз: Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. Еңбекке баулу: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. Мақсаты: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: -жылжымалы лақтырған нысана затты тигізу, -жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.

					Қажетті материалдар: қалақша, сыпырғыш, шана, ойыншықтар.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: Мектепке дейінгі жстағы ақыл-ой тәрбиесі.	Үстел үсті ойындарын ұсыну логикалық ойлау қабілетін дамыту.	Балалар балабақшада өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Балаларға қандай ойыншықтар қажет?».	«Кітап біздің досымыз» кітап бұрышын ретке келтіруге көмектесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «GS Altyn Ai» бөбекжай-балабақшасы**
Топ: **«Құлыншақ» ортаңғы тобы**
Балалардың жасы- 3 жастағы балалар.
Жоспардың құрылу кезеңі: 26-30.01.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Күй әуенін қосу.**				
	Д/О: «Топтағы ойыншықтарды атап бер» Міндеті:Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық айту **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О Музыкалық лото Міндеті:Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету **(Музыка)** «Шаш өру" ойыны Балалардың қол моторикасын және зейінін дамыту, ұлттық дәстүрлерді үйрену. **(Бір тұтас тәрбие)**	Д/О«Қардан не жасалды» Міндеті:дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О Музыкалық сандық Мінде ті:музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. **(Музыка)** «Балалар кітапханасы» жобасы аясындағы балалар кітапханасы **(Біртұтас тәрбие)**	Д/О«Қайда кімнің үйі?» Міндеті:дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О Көңілді әуен Міндеті:музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. **(Музыка)** «Бір кітап» жобасы аясындағы балалар кітапханасы **(Біртұтас тәрбие)**	Д/О«Қуыршаққа шомылу үшін не керек?»- Міндеті:Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық айту **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О Көңілді әуен Міндеті: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ми —си диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). **(Музыка)** «Кітап – менің қазынам» жобасы аясындағы балалар	Д/О«Суретші қыс» Міндеті:Міндеті: Дауысты (а, ә,) және кейбір дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О Көңілді әуен Міндеті: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ми —си диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).

				кітапханасы **(Біртұтас тәрбие)**	**(Музыка)** «Жас тыңдарман» жобасы аясындағы балалар кітапханасы **(Біртұтас тәрбие)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О «Топтағы ойыншықтарды санайық» Міндеті:қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. (**математика негіздері**) Д/О Отбасымен ойыншықтар дүкенінде Міндеті:Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **«Көліктердің жолда жүру тәртібі»** балаларға жолда көліктердің жол тәртібін сақтау керектігін түсіндіру.Өздерінің ұнаған көліктерімен жолда жүру	Д/ОҚардан жасалға мүсін Міндеті: Екі затты өлшемі бойынша (артық-кем) салыстыру (**математика негіздері**) Д/О Отбасымен серуенде Міндеті:Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу **(қоршаған ортамен таныстыру)** **«Жолаушылар»** Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру. **(Қауіпсіздік дағды)** Ба**лалардың дербес әрекеті:**	Д/О Ормандағы жануарлар Міндеті:Өлшемдері қарама-қарсы заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру тәсілдері арқылы салыстыру (**математика негіздері**) Д/О Қоян келді кітапханаға Міндеті: Кітаптарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Жол белгілерімен танысу»** Жол белгілерімен танысып,қауіпсіздік шараларын жасау.	Д/О«Қуыршаққа шомылу үшін не керек?» Міндеті:Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру (**математика негіздері**) Д/ОҚуыршақ көшеде Міндеті: Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру**(қоршаған ортамен таныстыру)** **«Абайла, балақай!»** балаларға көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм. Интерактивті тақтадан «Жол қауіпсіздігі» толық мағлұмат беру. **(Қауіпсіздік дағды)**	Д/О Ұлпа қар Міндеті:Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру (**математика негіздері**) Д/О Қысқы еңбек Міндеті:Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ба**лалардың дербес**

	ойынын бірге ойнау. **(Қауіпсіздік дағды)**	Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу	**(Қауіпсіздік дағды)** Ба**лалардың дербес әрекеті:** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.	.	**әрекеті:** Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу Үйдегі және даладағы жануарлардың айырмашылығы жайлы түсіндіру,қауіпсіздік шараларына үйрету **(Қауіпсіздік дағды)**
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгілік жаттығу (затпен)** 1. заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; 2. қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру,түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу **3. допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;** 4. аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; 5. қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; (**дене шынықтыру**)				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	ДО«Қуыршақ келді қонаққа» Міндеті: өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. **(қазақ тілі)**	ДО«Отбасымен серуенде» Міндеті: өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. **(қазақ тілі)**	ДО«Ормандағы жануарлар» Міндеті: өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. **(қазақ тілі)**	ДО«Қуыршаққа шомылу үшін не керек Міндеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Қазақ тіліне қ, дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу **(қазақ тілі)**	ДО«Суретші қыс» Міндеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Қазақ тіліне ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу **(қазақ тілі)**

ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Дене тәрбиесі** "Ұшқыш болам самғайтын". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге үйрету.	**Музыка** "Жүргізуші". Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айту дағдысына жаттықтыру; ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспаптың дыбысын ырғақты бере білуге үйрету; әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық сауаттылығын дамыту.	**Дене тәрбиесі** "Солдат болам кезінде". Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру.	**Дене тәрбиесі** "Аэродром". Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда, жылдам (10-20 метр) және баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын жетілдіру; үлкен допты екі қолмен тордан өткізе лақтыру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту.	
2- таңғы ас	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.				
Серуенге дайындық	Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.. табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.				
Серуен	Бақылау: Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. Тақпақ:Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. Ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау». Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру.	Бақылау: Бұршақты бақылау. Мақсаты: Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру. Қимылдық ойын: «Торғайлар». Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: Үйілген қардың маңызын түсіндіре отырып, еңбексүйгіштікке ұқыптылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Қысқа	Бақылау: Суық торғайды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету. Еңбек: Қар күреу. Мақсаты: Қардың жерге	Бақылау: Аязды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек: Ауладағы қарды күреу. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.	Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға қыстап қалған құстардың бірі – көгершіннің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

	Еңбек: Ағаштар түбіне қар үю. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. Жеке жұмыс: «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету	байланысты жұмбақтар жаттату. Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады. (Қар). Мақсаты: Тілдік қорын дамыту, ойлау қабілетін арттыру.Балаға грамматикалық дұрыс сөйлеу үлгілерін беру. Әдемі де әсерлі сөйлеуге үйрету.	қалың түскенін айтып, қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап, күректі калай ұстау керектігін үйрету. Жеке жұмыс: Торғай,торғай,тоқылдақ Жерден дәнді шұқып -ап Бөтекесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ. Мақсаты:Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып, сөздік қорларын дамыту. Ойын: «Жақсы жаман». Мақсаты:Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ болуға,жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.	Қимылдық ойын: «Сырғанақ тебу». Мақсаты: Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. Жеке жұмыс: Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.	Еңбек:Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: Қыста құстарға тамақ тауып жеу қиын болатындығын түсіндіре отырып,оларға жем, нанның қиқымын сеуіп, қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу. Қимылдық ойын: «Аққала жасау». Мақсаты: Балаларға қардың жабысқақтығын, қарды домалақтау әдісін көрсете түсіндіру
Серуеннен оралу	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.				
Түскі ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу				

	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Күндізгі ұйқы	Ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау				
Бесін ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырыбы: Кітапхана Міндеті: Кітаптарға қызығушылықты ояту. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Топтағы ойыншықтар **Сурет салу** Міндеті: Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету **Мүсіндеу** Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату **Жапсыру**	Тақырыбы: «Тарақан» К.Чуковский Міндеті: Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Қардан не жасалды **Сурет салу** Міндеті: тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану **Мүсіндеу** Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар). **Жапсыру**	Тақырыбы: «Түлкі мен қасқыр» (ертегісі) Міндеті: балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Түлкі мен қасқыр **Сурет салу** Міндеті: Сурет салу кезінде қарындашты, қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету **Мүсіндеу** Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар). **Жапсыру**	Тақырыбы:Көркем әдебиет «Тарақан» К.Чуковский Міндеті: балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Тарақан **Сурет салу** Міндеті: Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету **Мүсіндеу** Міндеті: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу **Жапсыру** Міндеті: Балаларды ересектер дайындаған ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және	Тақырыбы:«Суретші қыс» өлені. К.Мүсіпов Міндеті: Балаларды тақпақтар жатқа айтуға үйрету (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Суретші қыс **Сурет салу** Міндеті: Сурет салу кезінде қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету **Мүсіндеу** Міндеті: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу

	Міндеті: Балаларды ересектер дайындаған ірі элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы құрастыруға баулу. **Құрастыру** Міндеті: кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету «Құстарға қамқорлық» **(Экологиялық тәрбие)**	Міндеті: Балаларды ересектер дайындаған ірі элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы құрастыруға баулу. **Құрастыру** Міндеті: Құрастырылатын құрылысты қарапайым суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру «Кімге не керек?» мамандық иелерін атай білу **(Экологиялық тәрбие)**	Міндеті: Балаларды ересектер дайындаған ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. **Құрастыру** Міндеті: өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру«Көгершін» оригами құрастырамыз **(Экологиялық тәрбие)**	жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. **Құрастыру** Міндеті: Құрастырылатын құрылысты қарапайым суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолдану **Д/О: «**Қардан түрлі бейнелер жасау». **Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру **(Экологиялық тәрбие)**	**Жапсыру** Міндеті: Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. **Құрастыру** Міндеті: өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу **Д/О: «**Торғайлар». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету **(Экологиялық тәрбие)**
Балалармен жеке жұмыс	***Ғабит Мұса*** **"Шалқан" ертегісін драматизациялау.** Мақсат-міндеттер: балалардың театрландырылған шараларға деген қызығушылығын ояту. Балаларға арналған міндет: кейіпкерлердің эмоциясын жеткізе отырып, балаларды	***Бақыт Айлин*** **"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту. Барысы: бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға	***Болатбек Мүслім*** **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.** Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын	***Советхан Айлин*** **Саусақ жаттығуы. "Кірпі".** Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады). Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! **(сөйлеуді дамыту)**	***Бектұрған Наркес*** **Жұмбақтар, жаңылтпаштар** Мақсат-міндеттер. Жұмбақтар, жаңылтпаштар айтқызу. Балалардың тілін дамыту. **сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

	саусақпен қимылдауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. **(дене шынықтыру)**	балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. **(дене шынықтыру)**		
Серуенге дайындық	Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.. табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.				
Серуен	Бақылау: Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. Тақпақ: Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. Ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау». Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру. Еңбек: Ағаштар түбіне қар үю. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. Жеке жұмыс: «Қыс	Бақылау: Бұршақты бақылау. Мақсаты: Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру. Қимылдық ойын: «Торғайлар». Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: Үйілген қардың маңызын түсіндіре отырып, еңбексүйгіштікке ұқыптылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Қысқа байланысты жұмбақтар жаттату. Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады. (Қар). Мақсаты: Тілдік қорын дамыту, ойлау қабілетін арттыру.Балаға грамматикалық дұрыс сөйлеу үлгілерін беру. Әдемі де әсерлі сөйлеуге үйрету.	Бақылау: Суық торғайды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету. Еңбек: Қар күреу. Мақсаты: Қардың жерге қалы түскенін айтып, қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап, күректі калай ұстау керектігін үйрету. Жеке жұмыс: Торғай,торғай,тоқылдақ Жерден дәнді шұқып -ап Бөтекесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ. Мақсаты:Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып,сөздік қорларын дамыту. Ойын: «Жақсы жаман». Мақсаты:Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,	Бақылау: Аязды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек: Ауладағы қарды күреу. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. Қимылдық ойын: «Сырғанақ тебу». Мақсаты: Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. Жеке жұмыс: Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау	Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға қыста қалған құстардың бірі – көгершіннің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы ден пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек:Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: Қыста құстарға тамақ тауып жеу қиын болатындығын түсіндіре отырып, оларға жем, нанның қиқымын сеуіп, қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып, есте сақта қабілеттерін дамыту, тілдеу дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге

	қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету		жаман нәрселерден аулақ болуға, жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.	қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.	мүмкіндік туғызу. Қимылдық ойын: «Аққала жасау». Мақсаты: Балаларға қардың жабысқақтығын, қарды домалақтау әдісін көрсете түсіндіру
Балалардың үйге қайтуы	«Баланың ашуын қалай жеңуге болады» кеңес	«ТЖ кезінде медициналық сақтанудың жеке құралдарын қолдану» әңгімелесу	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.	«Саусақтармен ойнаймыз – тілді дамытамыз» кеңес	МРП-нің өсуіне байланысты өзгерістер жайлы айту

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «GS Altyn Ai» бөбекжай- балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспарлаудың құрылу кезеңі: 02.02- 06.02.2026 ж

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **02.02.2026 ж**	**Сейсенбі** **03.02.2026 ж**	**Сәрсенбі** **04.02.2026 ж**	**Бейсенбі** **05.02.2026ж**	**Жұма** **06.02.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін				

әңгімелесу, кеңес беру	біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Шеңбер» Шеңберде тұрып асықтарды дәлдеп ату дағдыларын дамыту, көз координацияларын дамыту.Жерге шеңбер сызылады, оның ішіне асықтар қойылады. Ойыншылар шеңбер сыртынан асықтарды атады, шеңберден шыққан асықтар ойыншының еншісіне түседі. Шеңберден шықпай қалған асықтар қайта орнына қойылады.**Бір тұтас тәрбие**	**«**Қол күрес» ойыны Балалардың қол бұлшықеттерін нығайту.Белгі берілгеннен кейін (мысалы, төрешінің “Бастаңдар!” деген сөзімен) ойыншылар қолдарын қарсы бағытта итере бастайды. Ойыншы қарсыластың қолын үстелге тигізгенде жеңімпаз атанады. **Бір тұтас тәрбие**	Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мазайка және т.б Шығармашылық дағдылар. Қайық» Тілді жалпақ етіп, ауызда «қайық» сияқты ұстайды. Сосын тілді жиырып, жіңішке қылып қайта шығарады. **Қазақ тілі**	Артикуляциялық жаттығулар: «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. «Тауық» Бала тілімен таңдайын соғып, «қыт-қыт-қыт» дыбысын айтады. Бұл жаттығу тілдің жоғарғы бөлігін белсендіреді. **Қазақ тілі**	“Қоқысты дұрыс жина”Балаларға қоқысты сұрыптау дағдыларын үйрету. Экологиялық тәрбие беру. Қағаз қоқыстар, пластик бөтелкелер, ойыншық қалбырлар.Үш себет (қағаз, пластик, металл деп белгіленген). Балаларға қоқыстың дұрыс сұрыпталуының маңызын қысқаша түсіндіріңіз. Қоқыстарды жерге шашып қойыңыз. Әр бала кезек-кезек қоқыстарды тиісті себетке салады. **Экологиялық тәрбие**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау,				

	жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар Балалар қолдарын жоғары, алға, екі жаққа кезекпен көтеріп, түсіреді. Қолды кеуде тұсында айқастырып, екі жаққа жазады. Отырған қалыпта оңға және солға бұрылады. Жаттығулар 5–6 реттен, бірқалыпты орындалады. Негізгі қимылдар Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Тәрбиешінің белгісі бойынша қайта сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар Таныс жаттығуларды баяу музыка ырғағымен орындау. Қимылды ойын «Кім тез сапқа тұрады?» Балалар белгі бойынша өз орнын табады. Қосымша қимылды ойын «Жалаушаны тап» Залда қойылған белгіге жүгіріп бару.	**Музыка** «Менің отбасым» Музыкаға деген қызығушылығын арттыру. Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету. Отбасы жылулығын сезіндіру. Ән айту: Әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету. Музыкалық- ырғақтық қимылдар: Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Ойындар. Хороводтар: Сюжетті рөлді ойындарға белсене қытысуға дағдыландыру. Музыкалық аспаптарда ойнауы: Әуенге эмоциялық үн қосуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру.	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар Затты бір қолдан екінші қолға беру. Затты алдына, артына апару, басынан жоғары көтеру. Алға және екі жаққа еңкею. Негізгі қимылдар Бір-бірінің жанына сапқа тұру. Саптағы арақашықтықты сақтау. Ырғақтық жаттығулар Музыкамен қадамдап жүру және тоқтау. Қимылды ойын «Орныңды тап» Балалар шеңберден сапқа, саптан шеңберге ауысады. Қосымша ойын «Кім мұқият?» Тәрбиешінің қимылын дәл қайталау. Өзіне-өзі қызмет көрсету	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар.Шалқасынан жатып аяқты көтеру және түсіру. Аяқтарды кезекпен қозғалту. Отырып құм салынған қапшықты аяқтың бақайларымен қысып ұстау. Негізгі қимылдар Шеңберге тұру, шеңбердегі өз орнын табу. Ырғақтық жаттығулар Қол мен аяқ қимылдарын музыкамен үйлестіру. Қимылды ойын «Шеңберді сақта» Қосымша ойын «Күн мен жаңбыр» Белгіге қарай қозғалыс өзгерту. Салауатты өмір салты Қимылдың	

			Киінгенде киімін түзетуге үйрету	денсаулыққа пайдасы туралы әңгімелеу	
	«Теңіздер мен мұхиттар әлемінде»Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту (әрекеті):** – Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: баяу сөйлеу – «Теңіз тыныш», «Толқын баяу қозғалады» деп айту – Сөздік қор: үлкен–кіші, көк, терең **Көркем әдебиет (әрекеті):** – «Кішкентай балық теңізде» қысқа әңгімесін тыңдау – Кейіпкерге жанашырлық таныту, «Балыққа көмектесейік» ойыны **Қазақ тілі (әрекеті):** – Сөздерді тыңдау және түсіну: су, теңіз, балық – Сыпайы сөйлеу: «беріңізші», «рахмет» – «Бұл не?» – «Бұл балық» диалогы Танымдық дағды **Математика негіздері (әрекеті):** – Балықтарды санау, қосу және алу – Тең – тең емес ұғымдары – Кең – тар (теңіз, өзен)	Теңіздегі тіршілік иелері Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту (әрекеті):** – Жаңылтпаш: «Балық суда жүзеді» – Сөздер: суық, дымқыл, тегіс **Көркем әдебиет (әрекеті):** – Сурет бойынша әңгіме құрастыру **Қазақ тілі (әрекеті):** – Сөз тіркестері: көк су, үлкен теңіз – Қарапайым жауап беру Танымдық дағды **Математика негіздері (әрекеті):** – Биік – аласа толқындарды салыстыру – Күндіз – түнде	Судың пайдасы Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту (әрекеті):** – Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздерді анық, баяу айту – Грамматикалық құрылым: – зат есімнің жекеше, көпше түрі (*балық – балықтар*) – өткен шақ: *«Балық жүзді»* – Сөздік қор: жылдам, баяу, тірі – Қарапайым сөйлемдер құрастыру **Көркем әдебиет (әрекеті):** – «Теңіздегі балықтар» тақырыбында суретке сүйеніп әңгімелеу – Кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау – «Егер балық болмаса не болар еді?» ойландыру сәті **Қазақ тілі (әрекеті):** – Көрнекілік арқылы сөздерді тыңдау және түсіну: балық, су, толқын – Сұрақтарға жауап беру: – «Бұл не?» – «Балық қайда жүреді?» – Сөз тіркестері: *балық*	Теңіз көлігі Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту (әрекеті):** – Сөйлеу қарқынын өзгерту: баяу сөйлеу – Сапаны білдіретін сөздер: мөлдір, терең – Қарапайым сөйлемдер құрастыру **Көркем әдебиет (әрекеті):** – «Балық пен кеме» қысқа әңгімесін тыңдау – Кейіпкерлердің әрекеттерін және олардың салдарын талқылау **Қазақ тілі (әрекеті):** – Сөздерді байланыстырып айту: *кеме жүреді, балық жүзеді* – Зат есім мен етістікті байланыстыру – Қарапайым өтініш айту: «Маған беріңізші» Танымдық дағды **Математика негіздері (әрекеті):** – Уақытты бағдарлау: таңертең – кешке – Бірдей – тең ұғымдарын бекіту – Кеңістікті бағдарлау:	Мен теңіз туралы не білдім? Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту (әрекеті):** – Байланыстырып сөйлеу: – «Маған теңіз ұнады» – «Мен балық көрдім» – Өткен шақты қолдану: *көрдім, салдым, жапсырдым* – Сөздік қорды қайталау: теңіз, су, балық, кеме **Көркем әдебиет (әрекеті):** – «Теңіз әлемі» тақырыбында қорытынды әңгіме – Кейіпкерлердің әрекеттерін еске түсіру – Жанашырлық пен эмоцияны білдіру **Қазақ тілі (әрекеті):** – Қарапайым диалог құру: – «Бұл не?» – «Бұл балық» – «Балық қайда?» – «Суда» – Сыпайы сөйлеуді бекіту: *рахмет, өтінемін* Танымдық дағды **Математика негіздері (әрекеті):** – Тең – тең емес ұғымдарын бекіту – Кең – тар, үлкен – кіші сөздерін қолдану – Уақытты бағдарлау: таңертең – кешке

			жүзеді, көк су Танымдық дағды **Математика негіздері (әрекеті):** – Кеңістікті бағдарлау: алдында – артында – Геометриялық пішін: шаршы (кеменің терезесін шаршымен салыстыру) – Заттарды салыстыру: үлкен – кіші балықтар	алдында – артында	
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Ақпан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртінде п ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):** – Теңіз бен мұхит туралы қарапайым түсінік – Суда тіршілік ететін жануарлар бар екенін білу – Табиғатқа қызығушылық таныту Шығармашылық дағды **Сурет салу (әрекеті):** – Көк түспен теңіз толқындарын салу – Қылқаламды дұрыс қолдану **Мүсіндеу (әрекеті):** – Ермексаздан домалақ балық жасау **Құрастыру (әрекеті):** – Кірпіштерден кеме құрастыру **Жапсыру (әрекеті):**	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):** – Теңіз жануарларын бақылау – «Балық тірі, оны қорғау керек» түсінігі Шығармашылық дағды **Сурет салу (әрекеті):** – Балықтың суретін салу **Мүсіндеу (әрекеті):** – Ермексазды созу, ширату (балдыр) **Құрастыру (әрекеті):** – Кемені жалғастырып құрастыру **Жапсыру (әрекеті):** – Ұжымдық «Теңіз» композициясы	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):** – Судың тіршілік үшін маңызын түсіндіру – Балықтың суда өмір сүретінін, құрлықта өмір сүре алмайтынын айту – Табиғатқа жанашырлық сезімін қалыптастыру Шығармашылық дағды **Сурет салу (әрекеті):** – Теңіздегі балықтарды бейнелеу – Бір суретте бірнеше затты орналастыру – Қауіпсіздік пен ұқыптылықты сақтау **Мүсіндеу (әрекеті):**	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):** – Теңіз көлігімен (кеме) таныстыру – Кеменің суда жүретінін түсіндіру – Адам еңбегіне құрмет сезімін қалыптастыру Шығармашылық дағды **Сурет салу (әрекеті):** – Кеменің суретін салу – Бояуларды алмастырып қолдану **Мүсіндеу (әрекеті):** – Домалату тәсілі арқылы кеме бөлшектерін мүсіндеу **Құрастыру (әрекеті):** – Кемені үлгі бойынша құрастыру	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):** – Су – тіршілік көзі екенін түсіндіру – Теңіз жануарларын қорғау туралы әңгіме – Табиғатқа қамқорлық таныту Шығармашылық дағды **Сурет салу (әрекеті):** – «Менің теңізім» тақырыбында еркін сурет салу – Бояуларды дұрыс пайдалану **Мүсіндеу (әрекеті):** – Апта бойы мүсіндеген балықтарды қайталау – Ұсақ бөлшектерді

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды жоғары, алға көтеру және түсіру. Қолды кеуде тұсында айқастырып жазу. Негізгі қимылдар Сапта және шеңберде өз орнын табу. Ырғақтық жаттығулар Музыкамен жүру, бұрылу. Қимылды ойын «Кім тез сапқа тұрады?» Қосымша ойын	**Музыка** «Көңілді достар» Музыка тыңдау: Ересектердің орындауындағы және аудио- бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Ән айту: Әнді бірге бастап, бірге аяқтап хормен айтуға үйрету. Әнді әуезді орындауға баулу. Музыкалық- ырғақтық қимылдар: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар Аяқ бақайларымен қапшықты қысып ұстау, түсіру. Негізгі қимылдар Саптағы қозғалысты сақтау. Ырғақтық жаттығулар Музыкамен қимылды үйлестіру. Қимылды ойын «Көңілді қимылдар» Спорттық жаттығу Биік емес төбеден шанамен сырғанау.	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар**.** Алдыңғы сабақтарда үйренген жаттығуларды өз бетінше орындау. Негізгі қимылдар: Сапқа тұру және шеңбер құруды қайталау. Ырғақтық жаттығулар: Музыкамен еркін қозғалу. Қимылды ойын: «Көңілді старт» Жүру, жүгіру, бұрылу элементтері. Салауатты өмір салты: Қимыл,	

	«Белгіге жет» Салауатты өмір салты Дене белсенділігінің маңызы.	қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Ойындар, хороводтар: Түрлі сипаттағы әуендердің көңіл-күйін қабылдауға үйрету. Балаларды достыққа татулыққа баулу. Музыкалық аспаптарда ойнауы: Барабанда қарапайым ырғақтарды соғуды, ырғаққа ілесуге үйрету.	Мәдени-гигиеналық дағдылар Үстел басында мәдениетті тамақтану.	демалыс және ұйқының пайдасы туралы қорытынды әңгіме.	
	«ДӘРІГЕР» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту (әрекеті):** Балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында тәрбиеші сөздерді анық, баяу айтуға жаттықтырды. «Дәрігер», «емдейді», «ауру», «сау», «көмектеседі» сөздерімен сөздік қоры байытылды. Сұрақ-жауап арқылы толық сөйлеммен жауап беруге үйретілді: *Дәрігер адамдарды емдейді.* **Көркем әдебиет (әрекеті):** «Мейірімді дәрігер» әңгімесі оқылып, кейіпкердің мейірімді іс-әрекеттері талқыланды. Балалардың жанашырлық сезімдері дамытылды.	«АСПАЗ МАМАНДЫҒЫ» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту (әрекеті):** «Аспаз», «тамақ пісіреді», «дәмді», «ыстық» сөздерімен сөздік қор байытылады. *Аспаз дәмді тамақ пісіреді* сөйлемі құрастырылады. **Көркем әдебиет (әрекеті):** «Аспаздың бір күні» әңгімесі тыңдалады. **Қазақ тілі (әрекеті):** «Не істейді?» сұрағына жауап беру арқылы сөз тіркестерін қолдану. Танымдық дағды **Математика негіздері (әрекеті):** Көкөністерді санау. Тең – тең емес ұғымдарын	«ҚҰРЫЛЫСШЫ» Аптаның дәйек сөзі: **«Еңбек түбі – береке»** Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту (әрекеті):** Мақалды хормен айту, мағынасын түсіндіру. «Құрылысшы», «үй салады» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет (әрекеті):** «Құрылысшы ата» әңгімесін тыңдау. **Қазақ тілі (әрекеті):** «Бұл кім?» – «Бұл құрылысшы» диалогы. Танымдық дағды **Математика негіздері (әрекеті):** Шаршы пішінмен танысу. Алдында – артында ұғымдарын бекіту.	«ТӘРБИЕШІ МАМАНДЫҒЫ» Коммуникативтік дағды Тіл дамыту (әрекеті): Балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту мақсатында «тәрбиеші», «үйретеді», «қарайды», «көмектеседі» сөздерімен сөздік қоры байытылады. Тәрбиешінің балаларға қамқорлық жасайтыны туралы әңгіме жүргізіледі. Сұрақтар арқылы толық жауап беруге жетелеу: *– Тәрбиеші кім?* *– Тәрбиеші не істейді?* Балалар қарапайым сөйлемдер құрастырады: *Тәрбиеші бізге*	«МЕН КІМ БОЛАМЫН?»** Коммуникативтік дағды Тіл дамыту (әрекеті): Балалардың апта бойы танысқан мамандықтары туралы алған әсерлерімен бөлісуіне жағдай жасалады. Өткен шақты қолдануға үйрету: *Мен сурет салдым. Мен жапсырдым. Мен құрастырдым.* Балалардың өз ойын еркін, анық айтуына қолдау көрсетіледі. Көркем әдебиет (әрекеті): «Барлық мамандық жақсы» тақырыбында қорытынды әңгіме жүргізіледі. Балалар әр мамандықтың адам өміріндегі маңызы туралы ой бөліседі.

	Қазақ тілі (әрекеті): Суреттер арқылы «дәрігер», «дәрі» сөздерін тыңдау, түсіну және қайталау жүргізілді. Сыпайы сөйлеу әдебі: *өтінемін, рахмет* бекітілді. Танымдық дағды – Математика негіздері (әрекеті): Медициналық құралдарды санау (1–3), үлкен-кіші заттарды салыстыру жұмыстары жүргізілді.	бекіту.		*көмектеседі. Тәрбиеші үйретеді.* Көркем әдебиет (әрекеті): «Мейірімді тәрбиеші» атты шағын әңгіме оқылады. Әңгіме мазмұны бойынша балалармен сұхбат жүргізіледі, тәрбиешінің мейірімді іс-әрекеттері талқыланады. Балалардың тәрбиешіге деген жылы сезімдерін білдіруіне жағдай жасалады. Қазақ тілі (әрекеті): Көрнекі суреттер арқылы «тәрбиеші», «балабақша», «ойыншық» сөздерін тыңдау және түсіну дағдылары дамытылады. «Бұл кім?» – «Бұл тәрбиеші» сұрақ-жауап жұмысы жүргізіледі. Сыпайы сөйлеу әдебі бекітіледі: *сәлеметсіз бе, рахмет, өтінемін.* Танымдық дағды Математика негіздері (әрекеті): Топтағы ойыншықтарды санау (1–3). Үлкен және кіші	Қазақ тілі (әрекеті): Қарапайым диалог ұйымдастыру: *– Бұл кім? – Бұл дәрігер.* *– Бұл кім? – Бұл тәрбиеші.* Сыпайы сөйлеу сөздері қайталанады. Танымдық дағды Математика негіздері (әрекеті): Апта бойы өткен ұғымдарды бекіту: үлкен – кіші, тең – тең емес, санау (1–3). Суреттер арқылы мамандықтарды салыстыру.

				ойыншықтарды салыстыру. Бірдей және әртүрлі заттарды ажырату тапсырмалары орындалады.	
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Ақпан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртінде п ұйқыдан	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-**				

ояту, сауықтыру шаралары	**гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):** Дәрігердің адамдарға көмектесетін маман екені түсіндіріледі. Денсаулықты сақтау, тазалық сақтау туралы әңгіме жүргізіледі. Шығармашылық дағды **Сурет салу (әрекеті):** *«Мейірімді дәрігер»* – дәрігерді ақ халатпен, құралдарымен бейнелеу. **Мүсіндеу (әрекеті):** Ермексаздан дәрі, таблетка, бөтелке жасау (домалату, созу). **Құрастыру (әрекеті):** Кірпіштерден «Емхана» құрастыру, есік-терезе орналастыру. **Жапсыру (әрекеті):** Дәрігер құралдарын ретімен орналастырып жапсыру.	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):** Аспаз еңбегінің маңызын түсіндіру. Тамақты қадірлеуге тәрбиелеу. Шығармашылық дағды **Сурет салу:** *«Аспаз ас әзірлеуде»* – қазан, қасық, тағам салу. **Мүсіндеу:** сәбіз, картоп, алма мүсіндеу. **Құрастыру:** ас үй жиһаздарын құрастыру. **Жапсыру:** «Дәмді тағам» композициясы.	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):** Үй салу еңбегімен таныстыру, еңбекке құрмет. Шығармашылық дағды **Сурет салу:** құрылыс алаңы (үй, кран). **Мүсіндеу:** кірпіштерді шаршы пішінде жасау. **Құрастыру:** үй құрастыру. **Жапсыру:** ұжымдық «Құрылыс» панносы.	Әлеуметтік дағды Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті): Тәрбиешінің балабақшадағы негізгі қызметі туралы түсінік беріледі. Тәрбиешінің балаларды күтіп, үйретіп, қорғап жүретіні түсіндіріледі. Үлкендерді сыйлау, тәрбиешінің сөзін тыңдау қажеттілігі айтылып, мінез-құлық мәдениеті қалыптастырылады. Шығармашылық дағды Сурет салу (әрекеті): Балалар өз тәрбиешісін бейнелейді. Сюжеттік сурет салу арқылы тәрбиеші мен балалар арасындағы қарым-қатынасты көрсетуге үйретіледі. Қылқаламды дұрыс ұстау, бояуды ретімен қолдану дағдылары бекітіледі.	Әлеуметтік дағды Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті): Барлық мамандықтардың адамдарға пайдалы екені туралы қорытынды әңгіме жүргізіледі. Еңбекке құрмет сезімі қалыптастырылады. Аптаның дәйек сөзі қайталанады: **«Еңбек түбі – береке»** Шығармашылық дағды (ҚОРЫТЫНДЫ, ӨТЕ ТОЛЫҚ) Сурет салу (әрекеті): Балалар өз қалаған мамандығын еркін тақырыпта бейнелейді. Түстерді, бейнелерді өз қиялымен таңдайды. Мүсіндеу (әрекеті): Балалар адам бейнесін немесе мамандыққа тән затты мүсіндейді. Алдыңғы үйренген тәсілдер

				Әр бала өз суреті туралы қысқаша айтып беруге ынталандырылады. Мүсіндеу (әрекеті): Ермексаздан домалату, созу тәсілдері арқылы адам бейнесін жасау. Ұсақ бөлшектерді біріктіру арқылы саусақ моторикасын дамыту. Құрастыру (әрекеті): Кірпіштер мен тақтайшалардан топ бөлмесін (үстел, орындық, шкаф) құрастыру. Кеңістікте бағдарлау: ішінде, жанында, алдында ұғымдарын қолдану. Жапсыру (әрекеті): Балалар ойыншықтар мен тәрбиеші бейнесін қағаз бетіне орналастырып жапсырады. Ұжымдық жұмыс барысында бір-біріне көмектесу дағдысы қалыптастырылады.	қайталанады. Құрастыру (әрекеті): Емхана, балабақша, ас үй, құрылыс алаңы біріктірілген ұжымдық құрылыс. Балалардың бірлесіп жұмыс істеу дағдылары дамытылады. Жапсыру (әрекеті): Апта бойы орындалған жұмыстардан көрме ұйымдастырылады. Балалардың өз еңбегіне қуану, мақтаныш сезімін қалыптастыруға мүмкіндік беріледі.
Балалармен жеке жұмыс	Түзу жүруді үйрету **Советхан Айлин**	Меңгерілген сөздермен ауызша сөйлеуді үйрету. **Бектұрған Наркес**	Ұзындыққа секіруді үйрету **Ахан Ақерке**	Қағаздан симметриялық пішіндерді қиюды үйрету **Жолдас Айша**	Шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды үйрету. **Шайманова Нурсәуле**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.				

	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Қарлы жел» **Міндеті:** Бағытты ауыстыра қозғалу. **Шарты:** Белгі бойынша балалар қозғалыс бағытын өзгертеді.	«Түлкіден қаш» **Міндеті:** Шапшаңдық пенептілікті дамыту. **Шарты:** Бір бала – түлкі, қалғаны қашады.	«Қарлы шеңбер» **Міндеті:** Бір орында және қозғалыста қимылды үйлестіру. **Шарты:** Балалар шеңбер бойымен жүріп, белгіде секіреді.	«Қысқы серуен жолы» **Міндеті:** Ұзақ қозғалысты орындау. **Шарты:** Балалар жүру–жүгіру–тоқтау қимылдарын орындайды.	«Кім епті?» **Міндеті:** Қимыл дәлдігін бекіту. **Шарты:** Балалар белгі бойынша тапсырманы дәл орындайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «GS Altyn Ai» бөбекжай- балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы- 3 жастағы балалар
Жоспарлаудың құрылу кезеңі: 02. 03- 06.03. 2026 ж

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **02.03.2026 ж**	**Сейсенбі** **03.03.2026 ж**	**Сәрсенбі** **04.03.2026 ж**	**Бейсенбі** **05.03.2026ж**	**Жұма** **06.03.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым- қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**«Таза су – таза өмір!»**Балаларға судың ластануы мен тазалануын көрсету.Екі мөлдір шыны ыдыс Лас су (балшық немесе боялған су)Фильтр (мақта, дәке, құм немесе сүзгіш қағаз) Бірінші ыдысқа таза су құйып, балаларға көрсету.Екінші ыдысқа лас суды құйып, оның қандай екенін түсіндіру.Лас суды сүзгіден өткізу (мақта немесе құм арқылы).Сүзілген судың біршама тазарғанын балаларға көрсету. **Экологиялық тәрбие**	«Асықтан басып шығу» ойыны Белгілі бір сызықтан асықтарды дәлдеп атумен құлату. Барлық асықтарды басып шығу арқылы жеңіске жету Әр ойыншы кезекпен сақасын атып, асықтарды басып құлатуға тырысады. Егер сақа асықтарды дәл басып құлатса, құлатылған асық ойыншының меншігіне өтеді. Қайта ату:Ойыншы сақамен кезекті ату құқығын сақа асықтарды басып құлатқан жағдайда ғана алады. Егер сақа асыққа тимесе, кезек келесі ойыншыға беріледі. Ойын соңында ең көп асық жинаған ойыншы жеңімпаз атанады. **Бір тұтас тәрбие**	**«Қайсысы үлкен, қайсысы кіші?»**Балалардың заттардың өлшемдерін ажырату дағдысын қалыптастыру.Әртүрлі көлемдегі ойыншықтар (үлкен және кіші доптар, машиналар, қуыршақтар)Балаларға үлкен және кіші заттарды көрсетіп, олардың айырмашылығын сұрау.«Үлкен допты көрсет!» немесе «Кішкентай машинаны тауып ал!» деп тапсырма беру. **Математика негіздері**	**«Жоғалған зат»**Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.4-5 ойыншық немесе зат (мысалы: қоян, доп, кубик, кітап) Балаларға барлық ойыншықтарды көрсетіп, есте сақтауды сұрайды.Біреуін жасырып, «Қай ойыншық жоғалды?» деп сұрайды. Балалар жоғалған затты табуға тырысады. **Танымдық дағдылар**	**Қауіпсіз тамақтану ережелері**Ыстық тағамдарды абайлап жеу Тамақтануға арналмаған заттарды ауызға салмау.Тым үлкен немесе қатты тағамдарды дұрыс шайнап жеу. «Тамақтану әдебі» (қауіпсіз тамақтану дағдылары) **Қауіпсіздік ережелері**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс				

	айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар Қолдарын алдына және басынан жоғары көтеріп, артына апарып шапалақтау (6–8 рет). Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарды жоғары қарату (6 рет). Қолды кезекпен көтеру-түсіру (8 рет). Саусақтарды қозғалту, жұму және ашу (8–10 рет). Допты бір-біріне басынан жоғары беру (5–6 рет). Оңға-солға бұрылу (6 рет). Аяқ ұшына көтерілу, аяқты алға қою (6–8 рет). Терең тыныс алу жаттығулары (мұрынмен дем алып, ауызбен шығару – 3–4 рет). Негізгі қимылдар Бірқалыпты жүгіру (30–40 секунд). Алаңның бір жағынан екінші жағына тура бағытта жүгіру. Белгі бойынша тоқтап жүгіру.	**Музыка** «Көп жаса анашым» Музыкалық есту қабілеттерін арттыру. Ән айту: Әуеннің басталуы мен беру дағдыларын қалыптастыру. Сегізінші наурыз әндерін қайталау. Музыкалық ырғақтық қимылдар: «Қарандаш», «Қосаяқ», «Атшабыс». Ойындар, хороводтар: Ойын, хороводтардың ережелерін бұзбай, ұжыммен орындау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық аспаптарда ойнауы: Музыкалық ойыншықтармен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, мелталлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды алға созып, алақанды жоғары қарату (6–8 рет). Қолды жанға созу (6 рет). Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру (6–8 рет). Саусақ жаттығулары: саусақтарды ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет). Допты артқа беру (5–6 рет). Аяқты жан-жаққа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет). Аяқ ұшына көтерілу (6 рет). Негізгі қимылдар Шеңбер бойымен бірқалыпты жүгіру (30–40 секунд). 10–15 метрге жылдам жүгіру (2–3 рет). Бағытты өзгертіп жүгіру. Допты төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру (4–5 рет). Қимылды ойын «Қуып жет». Балалар белгі бойынша бірін-бірі қуып жетуге тырысады. Ойын барысында жылдамдықты арттыруға, бағытты	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар**.** Қолды жоғары көтеріп шапалақтау (6–8 рет). Қолды алға созып, бастапқы қалыпқа келу (6 рет). Саусақпен жаттығу: саусақтарды ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет). Аяқты артқа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет). Аяқ ұшына көтерілу (6 рет). Негізгі қимылдар «Жыланша» жүгіру (кедергілер арасымен ирелеңдеп жүгіру). Допты жоғары лақтыру және қағып алу (4–5 рет). Допты жерге соғып, қайта қағып алу. Қимылды ойын «Допты түсірме». Балалар допты бір-біріне беріп, жерге түсірмеуге тырысады. Ойын барысында ептілікке, зейінге және үйлесімді қимыл жасауға үйретіледі. Спорттық жаттығу Оңға және солға бұрылып	

	Допты екі қолмен кеуде тұсынан 1,5 м қашықтыққа лақтыру (4–5 рет). Қимылды ойын «Белгіге дейін жүгір». Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіріп бару. Белгі берілгенде тоқтау немесе кері қайту. Ойын барысында ережені сақтау үйретіледі. Мәдени-гигиеналық дағдылар Тамақ алдында қол жуу реттілігін үйрету: қолды сулау, сабындау, алақан мен саусақ арасын ысқылау, шаю, сүлгімен құрғату. Тазалық сақтаудың маңызы түсіндіріледі. Өзіне-өзі қызмет көрсету Киімді дұрыс шешу. Киімді орындыққа немесе арнайы сөреге жинап қою. Аяқкиімді ретімен орналастыру. Салауатты өмір салты Жүгірудің жүрек пен өкпеге пайдалы екені түсіндіріледі. Қимыл-қозғалыстың денені шынықтыратыны және денсаулықты нығайтатыны айтылады. Сауықтыру-шынықтыру		өзгертуге, ережені сақтауға үйретіледі. Мәдени-гигиеналық дағдылар Тісті таңертең және кешке тазалау қажеттілігі түсіндіріледі. Тісті дұрыс тазалау реттілігі көрсетіледі: тіс щеткасына паста жағу, жоғары-төмен қимылмен тазалау, ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету Тарақты дұрыс қолдану. Шашты ұқыпты тарау, тарақты өз орнына қою дағдылары қалыптастырылады. Салауатты өмір салты Таза ауаның денсаулыққа пайдасы туралы әңгіме жүргізіледі. Таза ауада ойнау мен серуендеудің маңызы түсіндіріледі. Сауықтыру Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен терең дем алып, ауызбен баяу шығару (3–4 рет). Қолды жоғары көтеріп дем алу, төмен түсіріп дем шығару. Сергіту сәтін ұйымдастыру.	велосипед тебу. Тепе-теңдікті сақтау, қауіпсіздік ережесін сақтау дағдылары бекітіледі. Гигиена Қолды сабынмен дұрыс жуу реттілігі қайталанады: қолды сулау, сабындау, алақан мен саусақ арасын ысқылау, шаю, құрғату. Өзіне-өзі қызмет Қасықты дұрыс ұстау. Тамақты төкпей ішу, ұқыптылық сақтау дағдылары қалыптастырылады. Салауатты өмір салты Қозғалыстың денсаулыққа оң әсері түсіндіріледі. Күнделікті қимыл-қозғалыс жасау қажеттілігі айтылады. Сауықтыру Серуен кезінде қозғалыс ойындары ұйымдастырылады. Таза ауада еркін жүгіру, секіру, қимылды жаттығулар орындау. Тыныс алу жаттығуларын жасау	

	Таза ауада серуендеу (10–15 минут). Сыртта қимылды ойындар ұйымдастыру. Табиғатты бақылау. Тыныс алу жаттығуларын орындау				
	«Ана – мейірім» **Апталық дәйек сөз:** *«Ана – өмірдің шуағы»* Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** Балаларға «Ана» сөзін баяу, анық айтқызу. «Ана мейірімді», «Ана жақсы» сияқты екі сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыру. Жаңылтпаш айту: *«Анама ақ алма апардым»*. **Көркем әдебиет** «Ана» туралы қысқа тақпақты тыңдау. Тақпақ жолдарын суретті мнемокесте арқылы қайталап айту. **Қазақ тілі** Ә, ө, ү дыбыстарын «әдемі», «өнерлі», «үлкен» сөздері арқылы дұрыс айту. Балаларды бір-бірін атымен атауға үйрету. Танымдық дағды **Математика негіздері** Екі гүлді салыстырып, «артық», «кем» сөздерін айту.	«Мен анамды жақсы көремін» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** «Мен анамды жақсы көремін» сөйлемін қайталау. «Анам не істейді?» сұрағына бір сөзбен жауап беру (жуады, құшақтайды). **Көркем әдебиет** Қысқа тақпақты қимылмен бірге айту (құшақтау, алақанды жүрекке қою). **Қазақ тілі** Зат есім мен сын есімді бірге айту: *жақсы ана, әдемі ана*. Қарапайым санамақты тыңдау. Танымдық дағды **Математика негіздері** Үлкен және кіші ойыншықтарды салыстыру. Таңертең және кешке суреттерін ажырату.	«Ана – қамқор» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** «Ана қамқор» сөз тіркесін айту. Балалардың өз ойын 1–2 сөзбен жеткізуіне мүмкіндік беру. **Көркем әдебиет** Ана туралы шағын әңгімеден бір-екі сөйлемді тыңдау және қайталау. **Қазақ тілі** Зат есім мен етістікті бірге айту: *ана күледі, ана құшақтайды*. Танымдық дағды **Математика негіздері** Өзінің оң қолын, сол қолын көрсету. «Оң», «сол» сөздерін қимылмен бекіту.	«Ана еңбегі» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** Балалармен «Ана не істейді?» тақырыбында әңгімелесу. Тәрбиеші сөйлемді бастап береді: *«Ана…»*, балалар бір сөзбен толықтырады (жуады, тамақ береді, құшақтайды). Сөйлеу қарқынын баяулатып, сөздерді анық айтуға назар аудару. **Көркем әдебиет** Ана еңбегі туралы қысқа тақпақты тыңдау: *«Анам мені бағады, Анам үйді жинайды»* Тақпақ жолдарын суретті тірек арқылы (үй, ана, бала) қайталап айту. **Қазақ тілі** Қ, ұ дыбыстарын «қуаныш», «құттықтаймын», «ұқыпты» сөздері арқылы дұрыс айту. Балалардың бір-біріне қарап есімін атап сөйлеуіне жағдай жасау.	«Анаға сыйлық» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** Балалар «Анаға сыйлық» сөз тіркесін қайталап айтады. Тәрбиешімен бірге «Анама сыйлық» деп қуанышты көңіл күймен айту. **Көркем әдебиет** Апта бойы үйренген ана туралы тақпақтарды қайталау. Балалар таныс жолдарын бірге айтуға қатысады. **Қазақ тілі** «Жақсы ана», «әдемі ана» сөз тіркестерін қайталау. Балаларды бір-бірін атымен атап, қысқа жауап беруге ынталандыру. Танымдық дағды **Математика негіздері** Апта бойы қолданылған гүл, жүрек пішіндерін қайта қарап, «біреу», «көп» сөздерін айту. Дөңгелек пішінді танып көрсету.

	Гүлдің ортасын дөңгелек пішін ретінде танып, қолмен ұстап көру.			Танымдық дағды **Математика негіздері** Күндіз және түнде бейнеленген суреттерді көрсету. Балалар «күндіз», «түнде» сөздерін қайталап айтып, суреттерді сәйкестендіреді.	
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

сауықтыру шаралары	**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Ана баланы қалай жақсы көретіні туралы әңгімелеу. Үй жануарларының төлдері суреттерін қарап, «анасы – баласы» деп атау. Сурет салу Балалар тұтас қағаз парағына саусақпен **қызыл, сары түстерді** пайдаланып гүл салады. Гүлдің ортасын қағаздың ортасына орналастырып, айналасына күлтелерін басу арқылы бейнелейді. Сурет салу кезінде бояуды төкпей қолдануға, қолды сулықпен сүртуге үйренеді. Жапсыру Дайын дөңгелек және жапырақ пішіндерін қағаз бетіне жапсырады.	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарларды сурет арқылы таныстыру (аю, қоян). Анасы мен баласын бірге көрсету. Сурет салу Балалар тұтас қағаз бетіне алдын ала салынған бет бейнесінің ішін **қызғылт, ақ түстермен** бояйды. Көз, ауыз орнын қағаздың ортасына орналастырып бояу арқылы көрсетеді. Жапсыру Дайын көз, ауыз пішіндерін бетке жапсырады. Бет жиегіне **ирек сызық пішінді** ою элементін жапсырып безендіреді. Мүсіндеу Пластилиннен **домалақт**	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Табиғат бұрышындағы гүлді бақылау, су құюды көру. . Сурет салу Балалар тұтас қағаз парағына **қызыл түсті** пайдаланып жүрек пішінін саусақпен бояйды. Жүректі қағаздың ортасына орналастырады. Жапсыру Жыртылған қызыл қағаз бөліктерін жүрек пішінінің ішіне жапсырады. Жүректің жиегіне **дөңгелек элементтерді** жапсырып сәндейді. Мүсіндеу Пластилиннен кішкентай **домалақ пішіндер** жасап, жүректің үстіне басып орналастырады. Құрастыру Ірі текшелерден жүрекке арналған «қорапша»	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Анаға көмектесу туралы әңгіме жүргізу. «Анаға қалай көмектесеміз?» деген сұраққа балалардың қарапайым жауаптарын тыңдау (ойыншық жинау, көмектесу). Сурет салу Балалар тұтас қағаз бетіне **сары, көк түстермен** шеңбер сызықтар салып, «білезік» бейнелейді. Шеңбердің айналасына **қазақ оюының қарапайым элементі – ирек сызықты** саусақпен қайталайды. Ұқыпты сурет салуға, бояуды төкпеуге дағдыланады. Жапсыру	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** 8 наурыз мерекесі туралы айту. Аналарды құттықтау, «ана» сөзін құрметпен айту. Сурет салу Балалар тұтас қағаз бетіне **өз бетінше ойдан** сурет салады (гүл, жүрек, сызықтар). Қызыл, сары, жасыл түстерді таңдап, бейнені қағаздың ортасына орналастырады. Сурет жиегіне **қазақ оюының қарапайым элементін** саусақпен салады. Жапсыру Апта бойы дайындалған пішіндерді бір үлкен қағазға жапсырып, **ұжымдық жұмыс** жасайды. Мүсіндеу Әр бала бір кішкентай

	Гүлдің айналасына **қазақ оюының қарапайым элементі – дөңгелек нүктелерді** жапсырып безендіреді. Мүсіндеу Жұмсақ пластилиннен **домалақтау арқылы** гүлдің түймесін жасайды. Дайын суреттің үстіне қойып, саусақпен басып бекітеді. Құрастыру Ірі құрылыс бөлшектерінен гүл қоюға арналған «ыдыс» құрастырады. Құрастырған құрылысымен ойнайды.	**ап** «моншақ» жасайды. Дайын моншақты қағаздағы ана бейнесінің мойнына қояды. Құрастыру Қуыршаққа арналған «ана орны» (орындық, үстел) құрастырады. Қуыршақты отырғызып, еркін ойнайды.	құрастырады.	Дайын дөңгелек пішіндерді қатарлап жапсырып, әшекей жасайды. Мүсіндеу Пластилинді алақанмен басып, **бір үлкен жүзік** жасайды. Ортасына саусақпен шұңқыр түсіреді. Құрастыру Әшекейлерді қоюға арналған қарапайым «қорап» құрастырады.	домалақ немесе жалпақ пішін жасап, ортақ «сыйлыққа» қосады. Құрастыру Барлық құрылыстарды біріктіріп, «Ана мерекесі» бұрышын құрастырады. Дайын бұрышпен ойнайды.
Балалармен жеке жұмыс	**Бағыты:** Тіл дамыту **Жұмыс:** Сурет бойынша 2–3 сөзбен сөйлем құрату. **Нәтиже:** Қарапайым сөйлем құрайды. **Болатбек Муслім**	**Бағыты:** Дыбыс айту **Жұмыс:** «Р», «Л» дыбыстарын буында қайталау. **Нәтиже:** Дыбысты анық айтуға жаттығады. **Советхан Айлин**	**Бағыты:** Ұсақ моторика **Жұмыс:** Үлкен моншақты тізу. **Нәтиже:** Саусақ икемділігі дамиды. **Бектұрған Наркес**	**Бағыты:** Сөйлеу **Жұмыс:** «Қандай?» – үлкен/кіші. **Нәтиже:** Қарапайым сын есім айтады. **Ахан Ақерке**	**Бағыты:** Қимыл **Жұмыс:** Допты домалату. **Нәтиже:** Қол координациясы дамиды. **Жолдас Айша**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Күн жылынды» **Шарты:** Балалар алаңда	«Қар ериді» **Шарты:** Балалар «қар»	«Тамшы-тамшы» **Шарты:** Балалар секіріп	«Жел соқты» **Шарты:** Балалар ағаш	«Су жүгірді» **Шарты:** Балалар жылға

	жүреді. «Күн шықты!» дегенде қолдарын жоғары созып жылынады, «Суық жел!» дегенде бүрісіп отыра қалады	болып тұрады. «Күн қызды!» дегенде жайлап отырып, еріген қарды бейнелейді.	жүреді. «Тамшы!» дегенде тоқтап, бір рет секіреді (тамшы тамғандай).	болып тұрады. «Жел» дегенде оңға-солға тербеледі, «Тыныш!» дегенде қозғалмайды.	суындай иреленеңдеп жүгіріп, белгіленген жерге жиналады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «GS Altyn Ai» бөбекжай- балабақшасы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы- 3 жастағы балалар
Жоспарлаудың құрылу кезеңі: 10. 03 - 13. 03 2026ж

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **09.03.2026 ж**	**Сейсенбі** **10.03.2026 ж**	**Сәрсенбі** **11.03.2026 ж**	**Бейсенбі** **12.03.2026ж**	**Жұма** **13.03.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу,	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін				

кеңес беру	біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары		Жүргізуші сүт өнімінің суретін немесе үлгісін көрсетеді. Балалар сәйкес атауды тауып, карточканы дұрыс таңдайды. Дұрыс жауап берген бала ұпай алады. Жүргізуші өнім туралы сипаттама айтады (мысалы: «Бұл өнім ашытылған түйе сүтінен жасалады және өте пайдалы»). Балалар оның қандай өнім екенін табады («Шұбат»). **Бір тұтас тәрбие**	**Өсімдікке су керек пе?»**Өсімдіктің өсуіне судың маңызын түсіндіру.Екі кішкентай гүл құмырасы Топырақ Дән (мысалы, бидай немесе үрмебұршақ)СуЕкі құмыраға да топырақ салып, дәнді отырғызу. Бір құмыраны күн сайын суару, екіншісін сусыз қалдыру.Бірнеше күн өткеннен кейін айырмашылықты бақылау. **Экологиялық тәрбие**	«Қазақтың ұлттық киімдерін тану» ойыны Қазақтың ұлттық киімдерін тану, олардың атауы мен ерекшеліктерін үйрену. Балаларға киімдердің суреттері көрсетіледі.Балалар киім атауын суретпен сәйкестендіреді. Киім кию ойыны Балаларға ұлттық киімдерді кигізіп, олардың қай киім екенін атауын сұрауға болады. Балалар өздері киімді тез әрі дұрыс киюге тырысады. **Бір тұтас тәрбие**	Қазақтың ұлттық тағамдарының атаулары мен ерекшеліктерін үйрену. Балалардың танымдық дағдыларын, есте сақтау қабілетін және зейінін дамыту. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топқа ұлттық тағамдардың суреттері мен атаулары беріледі. Қай топ тағамдарды дұрыс сәйкестендірсе немесе сипаттаса, сол жеңімпаз атанады. **Бір тұтас тәрбие**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Музыка** «Шуақты көктем» Музыка тыңдау: Балаларға қазақтың салт- дәстүрлері жайында мағлұмат беру. «Қамажай», «Қаражорға» әуендерін тыңдату. Эмоционалды әсерлену. Ән айту: Наурыз әндерін үйрену. Әнді үйрету арқылы балаларға наурыз мерекесі туралы мәлімет беру. Музыкалық ырғақтық қимылдар: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. «Қаражорға» би элементтерін үйрену. Ойындар, хороводтар: Қазақ ұлттық балалар ойындарымен таныстыру. Музыкалық аспаптарда ойнауы: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, мелталлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды алға созу (6–8 рет). Қолды жанға созу (6 рет). Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру (6–8 рет). Саусақ жаттығулары: саусақтарды ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет). Аяқ ұшына көтерілу (6 рет). Терең тыныс алу жаттығулары (3–4 рет). Негізгі қимылдар 50 секунд баяу жүгіру. Бағытты өзгертіп жүгіру. Допты тік нысанаға лақтыру (4–5 рет). Допты қағып алу жаттығулары. Қимылды ойын «Қасқыр мен қоян». Балалар белгі бойынша қашып, ұстатпауға тырысады. Ойын барысында жылдамдыққа,ептілікке және зейінге үйретіледі. Гигиена Майлықты дұрыс қолдану үйретіледі. Тамақтан кейін ауызды және қолды майлықпен сүрту дағдылары қалыптастырылады. Өзіне-өзі қызмет Шанышқыны дұрыс қолдану. Тамақты ұқыпты жеу, қауіпсіздік	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру (6–8 рет). Қолды жанға созып, бастапқы қалыпқа келу (6 рет). Аяқты артқа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет). Аяқ ұшына көтерілу (6 рет). Саусақтарды ашу-жұму жаттығулары (8–10 рет). Терең тыныс алу жаттығулары (3–4 рет). Негізгі қимылдар Допты еденге соғып, қайта қағып алу (4–5 рет). Допты заттардың арасымен домалату. Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Қимылды ойын «Мәреге жет». Балалар белгі бойынша берілген бағытпен жүгіріп, мәреге бірінші болып жетуге тырысады. Жылдамдыққа, ептілікке және ережені сақтауға үйретіледі. Гигиена Құлақты және бетті таза сумен жуу. Жуыну кезінде ұқыптылық сақтау, жеке тазалықтың маңызын түсіндіру. Өзіне-	

			ережесін сақтау дағдылары бекітіледі. Салауатты өмір салты Демалыс пен ұйқының маңызы түсіндіріледі. Уақытында ұйықтау мен тыныңудың денсаулыққа пайдасы айтылады. Сауықтыру Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен терең дем алып, ауызбен баяу шығару (3–4 рет). Қолды көтеріп дем алу, түсіріп дем шығару. Сергіту жаттығуларын орындау	өзі қызмет Киімдегі олқылықты түзету (түймені салу, жағасын түзету). Киімді ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру. Салауатты өмір салты Аурудың алдын алу туралы түсіндіру. Тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, қозғалыс белсенділігі және уақытылы демалудың маңызы айтылып түсіндіріледі. Сауықтыру Серуен ұйымдастыру. Таза ауада еркін қозғалу, жеңіл жүгіру, қимылды ойындар өткізу. Тыныс алу жаттығуларын орындау.	
